

Дәріс № 10. Сәйкестік туралы декларация

Дәрісте игерілетін пәннің оқыту нәтижелері:

- ПОН 5 - Табиғи және қоршаған ортаны бағалау өлшемдері мен сапасының индикаторларын ажырата алады;
- ПОН 6 - Табиғи ортаның негізгі бақыланатын параметрлеріне талдау жасай алады;
- ПОН 7- Мониторинг түрлері, жүйелері және оны іске асыру жолдарын біледі;
- ПОН 8- Экологиялық мониторинг әдістерін біледі және орындайды.
- ПОН 9- Биоиндикацияны қолданудың негізгі принциптері мен түрлері, Сынамаларды іріктеу әдістемелерін көрсетеді.

Дәріс жоспары:

1. Декларация туралы түсінік және оның объектілері
2. Сәйкестік туралы декларацияны қабылдау тәртібі

Дәріс мақсаты: Сәйкестік туралы декларацияны түсіндіру

Дәріс мәтіні:

1. Декларация туралы түсінік және оның объектілері

Сәйкестік туралы декларация - дайындаушы (орындаушы) айналысқа шығарылатын өнімнің, көрсетілетін қызметтің белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат.

Сәйкестікті декларациялау мынандай қажеттіліктен туындайды:

- сәйкестікті міндетті растау тәртібіне икемділік беруден;
- базарда сатылатын өнімнің қауіп-қатерлігін арттырмай оған жұмсалатын шығын мөлшерін азайтудан;
- тауар айналымын арттырудан;
- мемлекетаралық сауданы жақсартудан және Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне қолайлы жағдай туғызудан. Дайындаушы сәйкестікті міндетті түрде дәлелдей алуы керек.

Дәлелдеме ретінде болуы мүмкін:

1. өнімге дайындаушының өзі өткізген сынақтың немесе сынақ зертханаларында өткізілген сынақтың протоколы;
2. шикізатқа, материалдарға, жинақталған бұйымдарға берілген растау сертификаты немесе сынақ хаттамалары;
3. белгіленген өнімге заңнамаларда көрсетілген және оған құзыреті бар органдар мен мекемелер берген құжаттар (гигиеналық қорытынды, ветеринарлық куәлік, т.б.);
4. сапа жүйесіне берілген сертификат;
5. өнімнің белгіленген талаптарға сәйкес екендігін тікелей немесе жанама түрде дәлелдейтін басқа да құжаттар.

Дайындаушы қабылдаған декларацияда белгіленген тәртіп бойынша аккредиттелген сертификаттау органында тіркелуі керек. Мұндай тіркеу декларация қабылдаған дайындаушыны біліп отыру үшін қажет. Осы мақсатта декларацияның көшірмесі сертификаттау органында сақталады, ал оны тіркеу нөмірі осы органның кодына енгізіледі. Тіркеуден өткен декларация өнімді сәйкестік белгісімен белгілеуге негіз болады. Сәйкестік белгісі өнімнің, көрсетілетін қызметтің техникалық регламенттерде, стандарттар мен өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау рәсімінен өткені туралы сатып алушыларды хабардар етуге арналған белгі. Тауарға ілестірілген ақпарат дегеніміз - сәйкестік белгісімен белгілеу және ілестірілетін құжаттарда декларация қабылданғаны, тіркеуден өткізілгені туралы жазу. Декларацияның құқықтың табиғатын мына жағдайларды ескере отырып анықтауға болады. Сәйкестік сертификаты мүдделі емес мекеме (сертификаттау органы) беретін құжат, ал декларация - мүдделі тұлғаның өнімді сатуға құқықты болуы үшін керек, белгіленген түрдегі өз еркімен жасалатын құжат. Декларацияда көрсетілген ақпарат өнімге қатысты техникалық регламентке сәйкес келмесе, онда ол жарамсыз деп танылады.

Сәйкестік туралы декларацияда:

- 1) өтінім берушінің атауы мен орналасқан жері;

2) сәйкестікті растау объектісін бірдейлендіруге мүмкіндік беретін осы объект туралы ақпарат;

3) оның талаптарына сәйкестігіне өнім расталатын техникалық регламенттің атауы;

4) өтінім берушінің өнімді нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланған кезде оның қауіпсіз екендігі және өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдағаны туралы өтініші;

5) жүргізілген зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер, сапа менеджменті жүйесінің сертификаты туралы, сондай-ақ өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін негіз болған құжаттар туралы мәліметтер;

6) сәйкестік туралы декларацияның қолданылу мерзімі;

7) техникалық регламенттерде көзделген өзге де мәліметтер болуға тиіс.

Сәйкестік туралы декларацияның нысанын, декларацияларды ресімдеу және тіркеу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Сәйкестік туралы декларация осы өнімді шығарудың жоспарланған мерзіміне сүйене отырып өнімді дайындаушы (орындаушы) белгілеген, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге қабылданады.

Өнімнің сәйкестігі туралы декларация аккредиттеу саласына осы өнім кіретін сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркелуге тиіс.

Сәйкестікті растау саласындағы мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің ережелерінде белгіленген тәртіппен ресімделген және тіркелген сәйкестік туралы декларацияның Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында сәйкестік сертификатына тең заңдық күші бар.

Сәйкестікті декларациялау:

1) өз дәлелдері негізінде сәйкестік туралы декларацияны қабылдау;

2) сәйкестікті растау жөніндегі органның қатысуымен алынған дәлелдер негізінде сәйкестік туралы декларацияны қабылдау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Сәйкестікті растау үшін дәлел ретінде пайдаланылуы мүмкін материалдардың тізбесі техникалық регламенттерде айқындалады.

Дәлел ретінде техникалық құжаттама, өз зерттеулері (сынақтары) мен өлшемдерінің нәтижелерін және (немесе) өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін негіз болған басқа да құжаттар пайдаланылады.

Өз дәлелдері және сәйкестікті растау жөніндегі органның қатысуымен алынған дәлелдер негізінде сәйкестікті декларациялау кезінде өтінім беруші өз дәлелдеріне қосымша таңдауы бойынша зертханада жүргізілген зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер хаттамаларын пайдалануға, сапа менеджменті жүйесінің сертификатын ұсынуға құқылы.

Өнімнің сәйкестігі туралы декларацияны қабылдаған кезде, осындай өнім үшін техникалық регламенттерде сәйкестікті растаудың өзге де нысандары көзделген жағдайды қоспағанда, сапа менеджменті жүйесінің сертификаты дәлелдердің құрамында пайдаланылуы мүмкін.

Сәйкестік туралы декларацияның қолданылу мерзімі аяқталған кезден бастап үш жыл бойы сәйкестік туралы декларацияның бірінші данасы мен сәйкестікті растаудың дәлелі ретінде пайдаланылатын материалдар өтінім берушіде, ал сәйкестік туралы декларацияның екінші данасы оны тіркеген сәйкестікті растау жөніндегі органда сақталады.

2. Сәйкестік туралы декларацияны қабылдау тәртібі

Өнімнің сәйкестігін сәйкестік туралы декларацияны қабылдау арқылы растау рәсімі отандық тауар өндірушілерді қолдау және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сертификаттау жүйесінде сертификаттауға жұмсалатын шығындарды азайту мақсатында енгізілген.

Бірақ өнімнің сәйкестігін сәйкестік туралы декларацияны қабылдау арқылы растау отандық өнімдерге ғана таралады және импортталатын өнімдерге қолданылмайды.

Сәйкестік туралы декларация міндетті сертификаттауға жататын және «Сәйкестігін сәйкестік» туралы декларацияны қабылдау арқылы растау рұқсат етілген өнімдердің Тізіліміне» енгізілген өнімдерге қатысты қолданылады.

Өнімді жеткізуші (шығарушы, сатушы) сәйкестік туралы декларацияны өнімнің

өзіне қойылатын талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттардың негізінде қабылдайды. Мұндай құжаттарға жатады:

- өнімнің үстінен шығарушымен (тапсырушымен) және (немесе) компетентный сынақ зертханаларымен жүргізілген бақылау сынақтарының хаттамалары;
- өнімге бұрыннан берілген күшіндегі сәйкестік сертификаттар және (немесе) шикізатты, материалдарды, комплекттеуші бұйымдарды сынау хаттамалары;
- стандарттардың талаптарының орындалуын мемлекеттік қадағалау актілері (стандарттардың талаптары бұзылмаған жағдайда);
- өнімнің (шикізаттың, өндіріс процесінің, буыпөтүю, маркалаудың) тағайындалған талаптарға сәйкестігін растаушы құжаттар, сапа жүйесінің немесе шығарушы кәсіпорынның өндірісінің сәйкестік сертификаты және т.б.

Сәйкестік туралы декларация нақты өнім немесе олардың сәйкестікті растайтын бірыңғай талаптар қойылатын біртекті өнімдер топтарына қатысты қабылдануы мүмкін.

Сәйкестік туралы декларация Мемстандартпен бекітілген форма бойынша толтырылады.

Оқыту әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, шолу лекция

Деңгейлік тапсырмалар:

1. Декларация туралы түсінік және оның объектілері н түсіндіріңіз.
2. Сәйкестік туралы декларацияны қабылдау тәртібін айтыңыз.

БӨЖ және ОББӨЖ тапсырмалары: Эталондарды қолдану және сақтау тәртібі және техникалық регламенттер.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Мендебаев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. - 368 с. - ISBN 978-601-217-198-3
2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. –200 с.
3. Ж.Ж. Есенқұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.
4. Журавлева Н.Ю., Кирюшин С.А. Стандартизация, метрология, подтверждение соответствия: Учебно-наглядное пособие / Нижний Новгород: Национальный исследовательский Нижегородский государственный университет им. Н.И. Лобачевского, 2018. - 62 с.
5. Е.В.Кравченко, Ю.К.Кривогузова, И.П.Озерова. Метрология, стандартизация и сертификация. Учебное пособие. Томский политехнический университет. - Томск: Изд.